	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Хаттама

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ – ДАЙЫНДАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

**Webex веб-конференциясы**

**№4**

**25 ақпан 2022 жыл**

ОӘБ Төрағасы Нургожин Т.С.

ОӘБ Төрағасының орынбасары Сыдықова С.И.

### КҮН ТӘРТІБІ

1. «Медицина», «Педиатрия», «Стоматология» ББ білім алушылардың тәуелсіз бағалау тестілерінің спецификацияларын келісу және бекіту, баяндамашы «ҰТЕО» Денсаулық сақтау саласындағы ББ білім алушылар мен түлектердің білімі мен дағдыларын бағалау бөлімінің басшысы Досмамбетова К.К.
2. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ҚР Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы бұйрығының жобасын пысықтау туралы, баяндамашы ҚР ДСМ ҒАРД директорының орынбасары Мысаев А.О.
3. Денсаулық сақтау саласындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ҮОБЖ жобасына ұсыныстар енгізу, баяндамашы ОӘБ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секциясының төрағасы Ташетова А.Б., резидентура ББ секциясы төрағасының орынбасары Досаева С.Т.
4. Әртүрлі.
  - 4.1 ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің 23.02.2022 ж. №14-4/271-ВН білім беру салалары бойынша сәйкестік кестесінің жобасы туралы сұрауын талқылау, баяндамашы Магистратура және докторантура бөлімінің бастығы Иванченко Н.Н.

#### **Сұрақ-1.**

«Медицина», «Педиатрия», «Стоматология» ББ білім алушылардың тәуелсіз бағалау тестілерінің спецификацияларын келісу және бекіту.

#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

«ҰТЕО» Денсаулық сақтау саласындағы ББ білім алушылар мен түлектердің білімі мен дағдыларын бағалау бөлімінің басшысы Досмамбетова Кульсара Коралбаевна 3 курс білім алушыларының тәуелсіз бағалау тестілерінің спецификацияларын ұсынды.

Талқылауға білім және ғылым ұйымдарының өкілдері қатысты.

#### **ШЕШІМ:**

1. «Жалпы медицина», «Педиатрия», «Стоматология» ББ білім алушылары





тестілерінің спецификацияларын келісу.

- ОӘБ білім беру ұйымдарына көптеген таңдау тест тапсырмаларын әзірлеу әдіснамасы бойынша ПОҚ біліктілігін арттыруды ұсынады.

## Сұрақ-2.

7 шілдедегі «Денсаулық сақтау және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексін іске асыру шеңберінде әзірленген ҚР денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары шеңберіндегі БББ атаулары туралы 2020 жылғы № 360-VI ҚРЗ.

### ТЫНДАЛДЫ:

ҚР ДСМ ҒАРД директорының орынбасары Мысаев Аян Оралханұлы Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекітудегі барысы туралы хабардар етіп және ББТ атаулары туралы мәселені талқылауға ұсынды.. Талқылауға денсаулық сақтау саласындағы білім және ғылым ұйымдарының өкілдері қатысты.


### ШЕШІМ:

- Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары топтарының атауларын бекітуге ұсынылсын.

дайындық деңгейі	білім беру бағдарламалары топтарының саны мен атауы
Жоғарғы білім. Бакалавриат	В084 Мейірбике ісі В085 Фармация В089 Қоғамдық денсаулық
Жоғарғы білім. Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру	Медицина Педиатрия Стоматология
Магистратура	М139 Денсаулық сақтау менеджменті М140 Қоғамдық денсаулық М141 Мейірбике ісі М142 Фармация М143 Биомедицина М145 Медико-профилактикалық ісі М144 Медицина
Докторантура	D141 Медицина D 151 Мейірбике ғылымы D 140 Фармация D 139 Қоғамдық денсаулық

- Бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейінде «Қоғамдық денсаулық сақтау» ББТ атауын «Қоғамдық денсаулық» ББТ деп өзгерту ұсынылсын.



	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Хаттама

3. Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру үшін «Медицина», «Педиатрия», «Стоматология» ББТ енгізу ұсынылсын.

### Сұрақ-3.

Денсаулық сақтау саласындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ҮОБЖ жобасына ұсыныстар енгізу.

### ТЫҢДАЛДЫ:

Талқылау барысында төраға ҮИМББ бағдарламасы «Жалпы медицина» бойынша бакалавриат пен интернатураны және «Медицина» бойынша магистратураны даярлауды біріктіретін жаңа дайындық деңгейі болып табылатындығын, бұл үздіксіз интеграцияланған оқыту бағдарламасының «Медицина» атауына негізделгенін атап өтті.

ОӘБ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секциясының төрағасы Ташетова Айгуль Балабековна үздіксіз интеграцияланған дайындықты қоса алғанда, Денсаулық сақтау саласындағы жоғары білім беру ҮОБЖ жобасына ұсыныстарын таныстырды. резидентура ББ секциясы төрағасының орынбасары Досаева Салтанат Тасбулатовна резидентура ҮОЖ жобаларына ұсыныстарын таныстырды. Талқылауға білім және ғылым ұйымдарының өкілдері қатысты.

### ШЕШІМ:

1. Денсаулық сақтау саласындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ҮОБЖ жобасына салыстырмалы кесте түрінде ұсыныстар енгізу.

### Әртүрлі

#### Сұрақ-4.1

ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің 23.02.2022 ж. №14-4/271-ВН білім беру салалары бойынша сәйкестік кестесінің жобасы туралы сұрауын талқылау.

### ТЫҢДАЛДЫ:

Магистратура және докторантура бөлімінің бастығы Иванченко Неля Николаевна жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің білім беру салалары бойынша сәйкестік кестесінің жобасы туралы сұрауын талқылауға шығарды. Талқылауға білім және ғылым ұйымдарының өкілдері қатысты.

### ШЕШІМ:

1. ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментіне ұсыныстар жіберу.

ОӘБ Төрағасының орынбасары



Сыдықова С.И.